



Бухгалтерлік есеп!





* Бухгалтерлік есеп!



* **Бухгалтерлік есеп** — кәсіпорынның қызметі туралы расталған деректер алу мақсатымен оның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау, қорытындылау және бейнелеу әдістемесі мен жүйесі; кәсіпорынның ресурстарын және қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін есептеу жүйесі. Ол қабылданған ережелер бойынша құжаттардың белгіленген нысандарын пайдалана отырып жүргізіледі. Бухгалтерлік есеп-қисаптың зерттеу объектілері — ақшалай нысанда тұлғаланған шаруашылық құрал-жабдығы, олардың өндіріс, орналасу, айналыс барысындағы қозғалысы, сондай-ақ олардың құралу және пайдаланылу көздері.




* Бухгалтерлік есептің

Қазақстандағы даму тарихы

* 1997 жылдан бастап Қазақстанда Бухгалтерлік есеп халықаралық стандарт жүйесіне көшірілді. Бухгалтерлік стандарт — есеп көрсеткіштерін арнайы ережелерге сай бағалау, өлшеу және шаруашылық операцияларының маңызын анықтау мен ажырату тәртібі. Халықаралық стандартқа сай, бухгалтерлік есеп қаржы және басқарушы есеп салаларынан тұрады. Қаржы есебі қаржы салымшылары мен несие берушілер, заңды тұлғалардың дамуына үлес қосушылар, шетелдік инвесторлар т.б. үшін жүргізіледі. Басқарушы есеп заңды тұлғалардың өз ішінде басқару жүйесін жетілдіру, ішкі резерв қорларын табу, оны іске қосу мақсатында жүргізіледі. Қазақстандағы заңды тұлғалар жыл сайын аталмыш есеп салаларына қосымша өз кәсіпорнының есеп саясатын, оны жүргізудің принциптерін, қолданылатын есепшоттар жүйесінің тізімін жасап, бекітіп, арнайы орындарға тапсырып отырады.





* Қысқа мерзімді активтер!





Қысқа мерзімді
активтер!



Мынадай кіші
бөлімдерді қамтиды!





* 1000-ШОТТЫ




* 1000 "Ақша
қаражаты" кіші
бөлімі ақша



қаражатын есепке
алуға арналған.





*** 1010-ШОТТЫ**

*** 1010 - "Кассадағы ақша қаражаты", онда кассадағы ұлттық және шетел валюталарымен ақша қаражатының қозғалысы есепке алынады;**

* 1020-шотты


* 1020 - "Жолдағы ақша қаражаты", онда жолдағы ақша қаражатының қозғалысы есепке алынады;

* 1030-ШОТТЫ

- * 1030 - "Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаты", онда ағымдағы банктік шоттардағы ұлттық және шетел валюталарындағы ақша қаражатының қозғалысы есепке алынады;

* 1040-ШОТТЫ

- * 1040 - "Карт-шоттардағы ақша қаражаты", онда карт-шоттардағы ұлттық және шетел валюталарындағы ақша қаражатының қозғалысы есепке алынады;



*** 1050-шотты**

*** 1050 - "Жинақ шоттарындағы қаражаты", онда жинақ шоттарындағы ұлттық және шетел валюталарындағы ақша қаражатының қозғалысы есепке алынады;**

*** 1060-шотты**

*** 1060 - "Өзге ақша қаражаты", онда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге ақша қаражаты есепке алынады.**

*** 1070-шотты**

*** 1070 - «Өзге де ақша қаражаты» шоты алдыңғы қосалқы шоттарда көрсетілмеген басқа да ақша қаражаттарын есепке алуға арналған. Осы шот келесі қосалқы шоттарды қамтиды**

Назарларыңызға рахмет!

Табыстарыңыз осындай

болсын!

